

Ж.А. Карсыбаева, А.З. Жуманова, Т.Қ. Сақабай

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: gydita@mail.ru)*

## **Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Оңтүстік Қазақстан облысының әйелдері: майдандағы күнделікті өмір тарихы**

Ұлы Отан соғысының тарихнамасында зерттеушілердің басты назарында ірі шайқастардың тарихы, саяси оқиғалар, соғысушы жақтардың әскери стратегиялары, басып алынған территориялардағы өнеркәсіп орындарын эвакуациялау мен республикалар экономикасын соғыс жағдайына бейімдеп қайта құру, майдандағы жауынгерлердің ерліктері болды. Алайда соғысқа әйелдердің қатысуы мен майдандағы күнделікті өмір тарихы мәселесі зерттеуден тыс қалды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде әйелдердің ерлермен бірдей соғыстағы ерліктері, кеңес мемлекетінің әйелдерге қатысты жүргізген саясаты, тылдағы әйелдердің күнделікті еңбегі туралы зерттеулер жүргізіле бастады. Мақала Ұлы Отан соғысы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысынан майданға аттанған әйелдердің қаһармандық істеріне, соғыста жаралы жауынгерлерді өлімнен арашалап қоймай, қолына қару ұстап соғысқан дәрігер әйелдерге арналған. Мұрағат құжаттары мен майдангер әйелдердің естеліктері соғыстың күнделікті өмір тарихының қайғылы беттерін ашып көрсетеді.

*Кілт сөздер:* Ұлы Отан соғысы, Оңтүстік Қазақстан, майдан, күнделікті соғыс тарихы, әйелдер тарихы.

### *Kipicne*

Ұлы Отан соғысының тарихы өзекті болып табылады. Отандық тарихнамада Ұлы Отан соғысына әйелдердің қатысуы ауқымды зерттеулер жүргізу мен кешенді қарастыруды қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі. Соғыс аяқталғаннан бергі кезеңде бұл мәселеге тиісті көңіл аударылмады. Тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде зерттеушілерді майдан мен тылдағы әйелдердің ерен еңбегі, қаһармандылығы, соғыс жылдарындағы күнделікті тірліктің ауырлығына төтеп бере алған әйелдердің іс-әрекеті, психологиясы және басқа да сұрақтар көлемі қызықтыра бастады. Әйелдер өзінің нәзік табиғатына қарамастан ер адамдармен бірге соғыс ауыртпалығын майдан мен тылда бірдей көтере білді.

Берілген мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы әйелдерінің соғыс жылдарындағы күнделікті өмір тарихын шынайы түрде көрсетуге тырыстық.

### *Методология және зерттеу әдістері*

Күнделікті өмір тарихы – тарих ғылымының жаңа саласы, оның зерттеу пәні болып көптеген тарихи-мәдени, саяси-оқиғалық, этникалық және конфессионалдық контекстінде адамның күнделікті өмірі болып табылады. Күнделікті өмір тарихында басты назарда түрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің өмір салты мен қайталанатын, «қалыпты» және әдеттегі, құраушы стилі, өмірлік жағдайларға деген эмоциялық қатынасы және мінез-құлық мотивтері болады.

Методологиялық база болып шетелдік зерттеушілердің күнделікті өмір тарихына қатысты жазған еңбектері табылады. Мақаланың негізіне К.Н. Любутиң мен П.Н. Кондрашовтың күнделікті өмір тарихы туралы тұжырымдары алынды, онда зерттеудің басты субъектісі – жеке адам. Шындығында да, жекелеген адамдардың күнделікті өмірі, ол сол не басқа әлеуметтік топқа жатса да, бірегей уақыт пен кеңістік шеңберінде болса да, бір-біріне мүлде ұқсамайды. Олардың әлеуметтік шығу тегі мен мекендеген жері бірдей болса да, күнделікті өмірі бірдей болмайды. Ал арнайы тарихи зерттеулерде басты назарда жеке адам емес, адамдардың белгілі бір тобы болады (К.Н. Любутиң, П.Н. Кондрашов, 2007). Нақтылап айтқанда, күнделікті өмірдің субъектісі жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби қызметі және басқа да көрсеткіштер бойынша жеке адам болып табылады. Сондықтан тарихи зерттеудің басты мәселесі белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі белгілі бір субъектінің күнделікті өмірінің нақты ерекшеліктерін, оның қалыптасуы, сақталуы мен өзгеруіне әсер ететін нақты факторларды да анықтау ғана емес, күнделікті өмір тарихын зерттеуде басты назарда адамдар тобы болу керек.

Ұлы Отан соғысына қатысқан куәгерлердің естеліктері, жалпы тарихи дерек ретінде естеліктер күнделікті өмір тарихын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол тарихи құбылыстар мен үдерістерге, кішігірім социумдар мен тарихи ұжымдарға, отбасылық тарихқа ерекше назар аудартады. Соғыс уақытындағы әйелдердің күнделікті өмірінің жеке аспектілері, әдетте байқалмайтын жекелеген құбылыстар майдангер әйелдердің естеліктерінде көрініс табады.

Мақаланы жазу барысында жалпығылыми (анализ, синтез, математикалық-статистикалық әдіс), сонымен қатар арнайы тарихи әдістер: тарихи салыстырмалық, тарихи-реконструктивтік, тарихи типологиялық, мәселелік-хронологиялық, тарихи -жүйелілік сияқты әдістер қолданылды.

### *Пікір-талас*

Ұлы Отан соғысы ХХ ғасырдағы әлем тарихындағы көлемді әскери қақтығыстардың бірі болды. Кез келген әскери қақтығыс соғысушы тараптардың бірі үшін жеңіспен аяқталғанмен, бұл жеңістің соғысқа тартылған жергілікті тұрғындардың өміріне, сол елдің экономикасына ауыртпашылық алып келетіні шындық. Ұлы Отан соғысына Қазақстанның барлық аймағынан адамдар майданға аттанып, әр өңір республика экономикасын әскери жағдайда дамытуға өзіндік үлестерін қосты. Бұл соғысқа Қазақстанның оңтүстік өңірінен 140 мыңнан астам адам қатысты, олардың жартысы майданнан оралмады. 51 жауынгер Кеңес Одағының батыры, сегіз жауынгер Даңқ орденінің толық кавалері атағын алды. Сондай-ақ мыңдаған ардагерлер жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды. Өткен жылы Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында 174 соғыс ардагері, 4885 соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне теңестірілгендер, 15733 тыл еңбеккерлері тұрады [1].

Соғысқа ерлермен бірге әйел адамдар да қатысты. Отандық тарихнамада қазақстандық әйелдердің соғысқа қатысуы мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді. Майдандағы күнделікті әскери өмір нәзік жандылардың мойнынан ауыр жүк артты, бірі қару алып соғысса, бірі жаралы жауынгерлердің өмірін сақтап қалу үшін күресті. Қазақстан майданға медициналық қызметкерлерді жіберуде ауқымды рөл атқарды, сондықтан бұл мақаланы Оңтүстік Қазақстан облысынан шыққан медбике әйелдердің Ұлы Отан соғысындағы ерліктеріне арнадық.

Ұлы Отан соғысы кеңестік бейбіт тұрғындар үшін кенеттен басталған соғыс болды. Соғыстан кейінгі өмірі Шымкент қаласында өткен майдангер Новожилова Полина Ивановна майданға қалай аттанғаны туралы өз естеліктерінде былай дейді: «Мен 1941 жылы БАКСР Стерлитамак қаласындағы медучилищені тәмамдадым. Бірінші емтихан 1941 жылдың 22 маусымында өтетін болып бекітілді, ал таңертең соғыс жарияланды. Адамдардың барлығы соғыстың басталғанын сондай үреймен қабылдап, отбасыларында талқылады. 23 маусымда Стерлитамак қаласында аудандық әскери комиссариатқа келу туралы шақырту қағазын алдым. Бірақ осы уақытта еріктілер көп болғандықтан мені емтихан тапсыруға жіберді. Соғыс кезінде Давлеканово қаласындағы ауруханада медбике болып жұмыс жасадым. Кейін 1943 жылдың 4 қыркүйегінде мен шақырту қағазын алдым, онда: «Әскери комиссариатқа келу, өзімен бірге ауыстыруға керекті ішкі киімдер, қасық, ыдыс және 3 күнге жететін азық-түліктің болу керектігі туралы жазылған» [2; 2].

Соғысқа қатысқан жауынгер қыздардың бірі Иконникова Фаина Федоровна 1923 ж. 23 қыркүйекте Новосибирск облысы аумағында дүниеге келген. 1928 жылы әкесі Қазақстанда Түрксіб теміржол магистралінің құрылысы жұмысына қатысып, 1929 жылы отбасымен Оңтүстік Қазақстан жеріне қоныс аударған. Жауынгердің балалық шағы Шымкент қаласында өткен. Соғыс басталған кезде мектепті жаңа бітірген жас түлек Мәскеу қаласына архитектуралық институтқа оқуға түскісі келеді, бірақ сыртқа шығуға рұқсат берілмеген. Соғыс бұл отбасын толық қамтыды. 1941 жылы әкесі соғысқа аттанып, 1943 ж. Курск түбіндегі шайқаста қаза табады. Анасы жас балаларымен тылда қызмет етті. Үйде жауынгерлерге арнап әскери киімдер тігіп, жазда бау-бақшамен айналысып, соғыс уақытының қиындығын отбасымен көрді. Ташкент текстиль институтында оқып жүргенде 1942 жылы сәуір айының соңында Ташкент комсомол жастарының съезі өтіп, жастарды өз еркімен майданға аттануға үндеді. 1942 жылы мамыр айында ол пошта байланысшылары курсына жазылып, 1942 жылдың шілде айында берілген курсты аяқтайды. Майдангер соғыстағы әскери өмір жолы туралы өз естелігінде: «Солтүстік-Кавказ әскери округіне жіберіп, онда бізді әскери бөлімдерге бөлді, мен кіші лейтенант атағын бере отырып, 123 атқыштар дивизиясына (Әзірбайжан) далалық поштаға аға қабылдаушы ретінде жіберді. Бұл атақта мен қызметтің соңына дейін қалдым. Соғыс жылдары Солтүстік Кавказ, Украинаның оңтүстігі, Молдавия, Румыния, Болгария, Югославия, Венгриямен өттім. Венгрияда мені 3-ші Украин майданының ӘПБ алдымен уақытша, кейін тұрақты жұмысқа ауыстырды. Венгрияда жүргенде біз «Жеңіс» деген қуанышты хабар алдық» [3; 1].

Соғыс басталған кезеңде кеңес әскері қатарына әйелдерді бірден шақыртқан жоқ. 1941 жылы 17 қыркүйекте МҚК «КСРО азаматтарын жалпыға бірдей міндетті әскери оқу туралы» қаулы қабылдады, онда 16 жастан 50 жасқа дейінгі ер азаматтарды өндірістен қол үзбей міндетті оқыту туралы айтылды. Әскери сабақтар 110 сағаттық бағдарлама бойынша жүргізілді. Онда азаматтарды әскери жаттығуларға, қару-жарақтарды қолдана білуге үйретті [4]. Алайда майданда әскери мамандардың, оның ішінде медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі салдарынан әйелдерді де әскери іске тарту белсенді жүргізілді. Облыстардағы әскери комиссариаттар әскери мамандықтарға жоғарғы сынып оқушылары мен техникумдардың түлектері – қыздарды дайындауға ерекше көңіл бөлді. Соғысқа қатысқан әйелдер-майдангерлердің естеліктерінің көпшілігінде осындай әскери дайындықтан өткізілгендері жазылған. Мысалы, Нина Александровна Старыхтың естелігінде: «1941 жылы Ташмық орта мектебін (10 сыныптық) бітірдім. 1941 жылы 20 маусымда бізде бітіруші түлектердің кеші өтті, ал 22 маусым күні жау біздің сүйікті Отанымызға басып кірді. Біздің бүкіл 10 сыныбымызды түгелдей майдан оты шарпыды. Біздің 18 жастағы ұлдарымыздың барлығы майданға аттанды, мектеп партасынан тіке деп айтуға болады. Біздің сыныпта 5 қыз болды, олардың 4-уі әскерге шақырылды. Комсомолдық жолдамамен мен осы төрт қыздың бірі болып аттандым. Әлі есімде, 1942 жылы 15 тамызда Казан қаласының медициналық институтынан оқуға қабылдануым туралы хат алдым, сабақтар 1942 ж. 1 қыркүйегінен басталуы керек. Ал 1942 жылы 16 тамызда әскери комиссариаттан шақырту қағазы келді. Менің алдымда екі түрлі таңдау: институт немесе майдан болды. Майданды таңдадым. Қалайша, біздің Отанымызға қауіп төніп тұрғанда таңдамасқа. Өйткені бізде, сол кездегі жастардың ынтасы мен патриотизмі жоғары болды. Міне, 1942 жылы 18 тамызда мен Отаным қайда жіберсе, сонда аттандым. Мен 253 авиациялық дивизияның 93 жеке байланыс ротасына түстім. 6 ай ішінде радист мамандығын оқыдым, сержант атағым мен 2 сыныпты радист болып соғысқа кірдім» [5; 1].

Майдангер-әйелдердің естеліктерінен байқағанымыздай, жас қыздар болса да майдандағы қанды қырғыннан қорықпай, Отанға деген сүйіспеншілікпен өз еріктерімен сұранғандар көп болған. Олардың әрқайсының әскери өмір тарихы түрліше болған. Олар өліммен бетпе-бет келген, қасындағы жолдастарының өлімін көрген, адам өлтіру мен қан көрген. Соған қарамастан, ерекше қаһармандықпен қолына қару алып, майдандағы күнделікті өмірдің қиындығын мойымай көтеріп, соғысқаны таңданарлық. Соның ішінде соғыстағы медициналық қызметкерлердің, санинструкторлар мен фельдшерлердің еңбектері ерекше, олар өз өмірін қауіпке тіге отырып, жаралы жауынгерлердің өмірін сақтауға тырысқан. Төбеде атылған оқ пен жердегі жарылған снарядтарға қарамастан, олар еңбектей жүріп, жаралыларды тасыған, жараларын таңған. Соғыс жылдары медицина қызметкерлерінің көп қаза табуы да сол себепті.

Медицина қызметкерлері соғыста сонымен қатар, госпиталь мүліктерінің сақталуына жауапты болған. Майдангер И.П. Новожилова естелігінде: «1943 жылдың қазан айының басында біздің госпиталь алдыңғы шепке жақын жіберілуге жүктерді тией бастады. Ауа-райы өзгеріп, жер батпақ, жаңбыр жауып, күн суытты. Біз барлығымыз жеңіл киінгенбіз. Уфа қаласынан шыққан кезде қар жауып, суық болды. Бізді госпитальдық мүлікті ашық платформаларда қорғауға мәжбүр етті. Мен бір рет сүйегіме дейін қатып қалдым. Екінші рет күзет орнына барудан бас тарттым, себебі - жылы киім жоқ, ал менің алдымда солдат қаруын кезеп тұр, «Ал мен атам» дейді. Мен, әрине, жылап, ол кетіп қалды да, кенеттен екеуі келді. Олардың шені жоғарылау болған бірі менімен сөйлесіп, былай деді: «қыздарды қинамандар» деді. Бұдан кейін бізді ашық далада кезекшілікке жібермейтін болды [2; 3].

Оңтүстік Қазақстаннан соғысқа аттанған майдангер қыздардың арасында көрнекті тұлға, медицина қызметкері Рәзия Шакированы Исакованы атап өту қажет. Ол 1936 жылы Шымкент қаласындағы фельдшер-акушер мектебіне оқуға түсіп, 1939 жылы фельдшер атағын алып, Шымкент ауданының Қызыл жар ауылдық кеңесінің медпунктіне жұмысқа жіберілген. Соғыстың осы ауыр кезеңінде, жүректің қалауы бойынша, өз еркімен, 1941 жылдың қыркүйек айында Кеңес Армиясының қатарына әскер қатарына қосылды.

Қысқа әскери-медициналық дайындықтан Чарджоу қаласында өтіп (Түркімен КСР), 1942 жылдың ақпанында өткеннен кейін Харьков түбінде жеке жол-құрылыс батальонымен майданға кірді. Майдангердің естелігінде ұрыс кезіндегі әскери фельдшерлердің жанталас өмірі көрсетілген: «Таң атқаннан бастап біздің әскерлердің шоғырлануы бойынша Дубовка селосының маңындағы көпір, жолдарға немістер күшейтілген артиллериялық оқ атуды және авиациясының ұшуын бастады. Осы қиын уақытта біз жараланғандарға көмектескенбіз. Міне, снаряд жарылып, жауынгер аударылып түсті, мен оған тез қарай жылжып, оның бет-жүзі көрінбеді, ауырсынған дыбыс шығарады және

қозғала алмайды; жараны сипалап отырып тез тауып алдым, оның аяғы шағылып кеткен екен. Оның жамбасын қатты таңып, майдан даласынан алып шығуға ұмтылдым. Бірақ артиллериялық бомбалау тоқтаған жоқ, снарядтар жарылып, мен жаралы жауынгер салынған тасымалдағышты алып келе жатқанда (машиналар жетіспеді), ол кезде өз денем кенеттен мұздап кетті. Мұны менің досымның бірі байқап, сенің өңің бұзылып кетті деп, етігімді шешкен кезде іші толған қан екен, сөйтсе снаряд жарықшақтар сол тізенің буынына түскен. Менің өзіме медсанбатқа емделуге кетуге тура келді. Бірнеше ай емделіп, сауыққаннан кейін мені генерал Рыбалко басқарған танк әскеріне әскери-фельдшер ретінде жіберді. Бұл біздің әскерлер Сталинград бағытында шабуылға өткен кезде 1943 жылдың ақпанында болды» [6; 4].

Соғыс тауқыметі майдангерлердің өмірінде терең із қалдырды, бірі майдан даласында мерт болса, енді бірі соғысқа денсаулығын беріп қайтты. Майдангер Н.А. Старых соғыста әскери өмірі мен бейбіт кезеңдегі өмірі туралы: «Менің күлгін машинада студобекер тіркемесі бар радиостанцияда байланысшы болып қызмет еттім. Біздің топта 2 радист, механик және шофер жаяу баруымызға тура келді. Бізге барлық әскери техникамен және кеңес әскерлері толы пароммен Амур өзені арқылы өту керек болды. Паром жапон авиациясының бомбалауы астында және Манчжур жағасынан оқпен атқылаудың астында болды. Біз үлкен қиындықпен Манчжурияның жағасына жеттік (сол кезде жапондықтар оны Манчжууго деп атаған), бізді осы бөлімге келгеннен кейін қызметтес құрбыларымыз жылап қарсы алды, өйткені Нина Зебrevаны снайпер өлтіргені туралы ротада әңгіме жеткен екен. Олардың айтуынша мен палубаға шығып ән айтып тұрған кезде жағадағы жау мергені мені атып түсірген. Бірақ, Құдайға шүкір, бұл тек қаңқу сөз ғана болды, ал мен тірі қалдым... біздің жер орналасқан жердегі жол бойын жаудың жарықтары түсіп, қатаң бақылап отырды. Мен фанзадан радиостанцияға дейін кезекшілікке бара жатып, прожектордың сәулелері көзіме түсіп, көзімнің қатты ауырғанын және кесіп өткендей болғанын сездім. Содан бері менің көзімнің көруі күрт нашарлай бастады, барлық емдеу түрлері еш көмектеспеді. Енді бірінші топтағы зағип мүгедекпін. Мен осыдан өте азап шегемін» [5; 3].

Оңтүстік Қазақстан облысынан тыл ардагері Жанаева (Мирсалиева) Тәттігуль Күзембайқызы тылдағы еңбегі туралы: «Мен Өзбекстанның Ташкент облысы Орджаникидзе ауданы, Дурмен ауылдық совет Қызыл азамат колхозында 15.05.1929 ж. шаруа жанұясында дүниеге келдім. Жанұяда екі ұл, екі қыз тәрбиелендік. Анам Мирсалиева Ұлтай 1895 жылғы. Әкем Ирсалиев Күзембай 1890 жылы туған. Мектепке 1937 жылы барып 7 жылдық білім алдым. Жастайымнан колхоз жұмыстарында жұмыс істедім. Колхоз шаруашылығында әр түрлі жұмыстар істедім. Ұлы Отан соғысы басталғанда 5 сыныпқа бардым. Мектептен келген соң шаруашылық істерге барып жұмыс істедім шамамыз келгенше. Мектепті бітірген соң шаруашылықта жұмыстар істеп, есепші де болдым. 1950 жылы Жанаев Мамытбаймен отбасын құрдым. Колхозда түрлі жұмыстар мақта егіп өсіріп, оны күзде теріп, күндік норманы 2-3 есеге дейін орындап, еңбек озаты атанғанмын. Қазіргі таңда Ер ана, тыл ардагерімін. Жанұямызда 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірдік. Олардан 35 немере, 45 шөбере сүйіп, қызығын көріп отырмыз» [7; 2].

Иконникова Ф.Ф. соғыстың қанды қырғыны туралы өз естеліктерінде былай деп жазған: «Бұл жекелеген эпизодтар емес - бұл сөздің толық мағынасында айтқанда өткен төрт жылдан артық өмір. Бакуден Будапештке дейін ыстықта және пургада жаяу; жаңбыр мен қар астында; бомбалау немесе атыс астында жаяу жүру; кейде ашығу, шаршау. 1942 жылы күзде мен 19 жасқа толғанда біздің 123 атқыштар дивизиясы шабуылға шықты, 1942 жылдың желтоқсан айы бізге өте ауырға соқты. Өйткені алғаш рет күшті жаудың бекінісімен бетпе-бет келдік. Немістер Моздок қаласы маңында минамен жарылыс жасауды нығайта түсті, жер минамен, шабуылсыз, бомбалар – бұл нағыз қанды қасап еді. Шегіністерге қарамастан, алға жылжулардың арқасында 1943 жылы Моздок қаласы жаудан азат етілді. Далада қатты аяз болды. Жау шегінді, бірақ ауыр сынығымен, өздерінен кейін қатып қалған солдаттарының мәйіттерін қалдыра отырып кетті, олардың астында миналар жасырылды. Ал біздің сарбаздарымыз өкінішке орай, жаудың осындай сұм қулығының құрбаны болып, минаға түсіп, қаза тауып жатты. Біздің бөлім Георгиевск қаласына кірген кезде, біз қорқынышты суретті көрдік. Бұрынғы театр немесе клуб қабырғалары қанмен жазылған. Жергілікті тұрғындардың әңгімелері бойынша мұнда гестапо штабы болды, онда жау әскері бейбіт тұрғындарды азаптап, өлтіріп, қандарын қабырғаға шашып, жазуды қанмен жазған. Аулада бассейн немесе бетондалған үлкен шұңқыр болды, онда біз бейбіт тұрғындардың қатып қалған мәйіттерін көрдік. Сөйтсе, оларды атқылап, шұңқырға құлатқан. Осылайша біз тағы бір «азат етушілердің» адамгершілікке жатпайтын қызметімен таныстық» [3; 3].

### Қорытынды

Осылайша, қазақстандық жауынгер әйелдердің жеңіске қосқан үлесі өте зор. Олардың әрқайсының ерлігі, мерген, медициналық қызметкер, басқа да әскери қызметкер болсын, жекелеген тарих болып жазылуға лайықты. Медициналық қызметкер ретінде әйелдер өзінің нәзік денесімен атқылаған оқтардың астымен жаралы жауынгерлерді арашалап алып шыққан. Соғыс даласындағы мыңдаған ер адамдар үшін олар өмірін сақтап қалушы ретінде үлкен рөл атқарған. Майдангер әйелдердің естеліктерінде жазылғандай, медбике әйелдер бірнеше түндер ұйқысыз операциялар жасап, күніне 300–1000 адамға дейін көмек көрсеткен. Жас дәрігер қыздар, медбикелер жаралылардың жарасын таңып, дәрі егіп қана қоймай, кезекшілікке тұрып, госпитальдардың мүлкін күзету, еденін жуу, басқа да ауыр қара жұмыстарды жасаған. Сонымен қатар, жаны қиналып, өлім аузында жатқан жаралыларға психологиялық көмек көрсетіп, өміріне араша түсуге тырысқан.

Осындай әскери қызметі үшін түрлі жоғары наградаларға ие болған. Мерген, жаяу әскер, санитар, медбике, дәрігер, санинструктор – әйелдер Отан алдындағы өз міндетін мінсіз орындаған. Олардың өзін құрбан ете отырып, батылдықпен соғысуы Ұлы Жеңіске жетуге қосқан үлестерінің ауқымдылығын көрсетеді.

### Ұсыныстар

Ұлы Отан соғысына әйелдердің қатысу тарихы отандық тарих ғылымында алдағы уақытта толыққанды зерттеуді қажет етеді. Берілген мәліметтер Қазақстан тарихы, өлкетану, тарихи антропология бойынша білім беру курстарында ғана емес, патриотизм мен отансүйгіштікке тәрбиелеу үдерісінде де қолдана алады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 В ЮКО торжественно отметили День Победы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ru.egemen.kz/article/193695-v-yuko-tordgestvenno-otmetili-den-pobedy>
- 2 ТГОА. — Ф. 537. — Оп. 14. — Д. 1. — Л. 1–8.
- 3 ТГОА. — Ф. 537. — Оп. 13. — Д. 1. — Л. 1–7.
- 4 Постановление ГКО № 690 «О всеобщем обязательном обучении военному делу граждан СССР» от 17.09.1941 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://www.teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194109/gko\\_0690.html](http://www.teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194109/gko_0690.html).
- 5 ТГОА. — Ф.537. — Оп.14. — Д.1. — Л. 1–8.
- 6 ТГОА. — Ф. 537. — Оп. 14. — Д.2. — Л. 1–17.
- 7 ТГОА. — Ф. 537. — Оп. 14. — Д.3. — Л. 1–3.

Ж.А. Карсыбаева, А.З. Жуманова, Т.Қ. Сақабай

## Женщины Южно-Казахстанской области в годы Великой Отечественной войны: история о повседневной жизни на фронте

В историографии по проблеме Великой Отечественной войны в центре научного внимания были такие аспекты, как история крупных сражений, политические события, военные стратегии военизированных сторон, эвакуация промышленных предприятий на захваченных территориях и адаптация экономики республик к условиям войны, подвиг воинов на фронтах. Однако проблема участия женщин в Великой Отечественной войне была вне поля научного исследования. С момента обретения Казахстаном Независимости в историографии появились работы, посвященные героическому подвигу женщин на фронтах, самоотверженному труду женщин-тыловиков из Южно-Казахстанской области в годы Великой Отечественной войны. Архивные документы и воспоминания женщин-фронтовиков раскрывают трагические страницы истории повседневности войны.

*Ключевые слова:* Великая Отечественная война, Южный Казахстан, фронт, история повседневной войны, женская история.

Zh.A. Karsybayeva, A.Z. Zhumanova, T.K. Sakabay

## **Women of the South Kazakhstan region during the Great Patriotic war: the story of everyday life at the front**

In the historiography of the great Patriotic war, the focus of scientific attention was on such aspects as the history of major battles, political events, military strategies of the paramilitary parties, the evacuation of industrial enterprises in the occupied territories and the adaptation of the economy of the republics to the conditions of war, the feat of soldiers at the front. However, the problem of women's participation in the great Patriotic war was outside the field of scientific research. Since Kazakhstan gained independence, works dedicated to the heroic deeds of women at the front, and selfless work of women in the rear have appeared in historiography. The article is devoted to the heroism and women's everyday life of women who went to the front from the South Kazakhstan region during the great Patriotic war. Archival documents and memoirs of women veterans reveal tragic pages in the history of everyday life of the war.

*Keywords:* Great Patriotic war, South Kazakhstan, front, history of everyday war, women's history.

### References

- 1 V YuKO torzhestvenno otmetili Den Pobedy [In the SKR celebrated the Day of Victory]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://ru.egemen.kz/article/193695-v-yuko-tordgestvenno-otmetili-den-pobedy> [in Russian].
- 2 TGOA [Turkestan Regional State Archive]. – F. 537. – Op. 14. – D. 1. – L. 1–8.
- 3 TGOA [Turkestan Regional State Archive]. – F. 537. – Op. 13. – D. 1. – L. 1–7.
- 4 Postanovlenie HKO No. 690 «O vseobshchem obiazatelnom obychnii voennomu delu hrazhdan SSSR» ot 17.09.1941 h. [Resolution of SCD № 690 «About general compulsory education to military science of citizens of the USSR» from 9/17/1941]. *teatrskazka.com*. Retrieved from [http://www.teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194109/gko\\_0690.html](http://www.teatrskazka.com/Raznoe/PostanovGKO/194109/gko_0690.html) [in Russian].
- 5 TGOA [Turkestan Regional State Archive]. – F. 537. – Op. 14. – D. 1. – L. 1–8.
- 6 TGOA [Turkestan Regional State Archive]. – F. 537. – Op. 14. – D. 2. – L. 1–17.
- 7 TGOA [Turkestan Regional State Archive]. – F. 537. – Op. 14. – D. 3. – L. 1–3.